

Сенбі күні өңірлік коммуникациялар қызметі және қала әкімдігі бірлесіп, баспасөз туры ұйымдастырды. Мұнда қаладағы жол салу жұмыстарымен таныстық.

Биыл жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында іргелі істер атқарылуда. Оған бюджеттен 10,5 млрд теңге қаржы бөлінген. Жалпы 264 көше жөнделеді деп күтілуде. Оның ішінде 161 көше елді мекендерде болса, қалғаны қаланың шет аймағындағы 86 және орталықтағы 17 көшенің жолы жаңғыртылмақ. Сондай-ақ көшелерге 20-дан аса аялдама, түнгі жарықтандыру мен бағдарлам орнатылады.



Ақмешіт

8 тамыз
сейсенбі
№62 (1969)
2023 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЖОЛ ЖӨНДЕЛСЕ, КӨШЕ КӨРКЕЙЕДІ



– Бүгінде жолдың техникалық жағдайын сақтап қалу мақсатында көшелерге орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Егер техникалық жағдайын сақтап қалмақ 2-3 жылдан кейін жөндеу құны екі үш есеге дейін өсуі мүмкін. Сол себепті бірнеше көшеге жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Яғни бүгінде ұзындығы 4,2 шақырымды құрайтын Назарбаев даңғылына орташа жөндеу жұмыстарын бастадық, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жеңісбек Файзуллаев.

Қаладағы Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейін Бейбарыс Сұлтан көшесіне жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оның ұзындығы 4,2 шақырымды құрайды. Бүгінде екі жолақты көше төрт жолаққа дейін кеңейтілуде. Көшені кеңейту жұмыстары бойынша республикалық бюджеттен 2349 млн теңге қаржы бөлінген. Бұл жұмыстарды мердігер

мекеме «УАД» ЖШС қолға алған. Мердігер мекеменің құрылыс-монтаж жұмыстары бойынша 2144 828 млн теңге қаралған, ал техникалық қадағалау жұмыстарына жұмсалатын қаражат 61553 мың теңге. Жалпы құрылыстың келісім шарт құны 2229980 млн теңгені құрайды. Бұл жұмыс он екі айға жоспарланған болатын. Қазіргі таңда оның 95 пайызы аяқталған.

Бұдан бөлек, биыл облыс орталығында қос бірдей көпір ел игілігіне беріледі. Соның бірі – қала тұрғындарының сұранысы бойынша жасалып жатқан теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі. Бұл «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы аясында жүзеге асуда. Бүгінде мердігер «Гулнур МК» ЖШС мекемесі Яссауи мен Ғ.Мұратбаев көшелерінің қиылысына жаяу жүргіншілерге арналған көпірдің құрылыс жұмыстарын жүргізуде. Аталған құрылыстың ұзындығы 55 метр. Оған республикалық және жергілікті бюджеттен 320,5 млн теңге қаржы бөлінген. Жалпы құрылыс-

монтаж жұмыстары 291798 мың теңге болса, техникалық қадағалау жұмыстары 8956 мың теңгені құрайды. Бүгінде жаңа көпір құрылысы қарқынды жүргізіліп келеді. Ол ел игілігіне қазан айында берілмек.

Екінші көпір «Бәйтерек» шағын ауданында салынууда. Бұл – «Қызылжарма» су арнасы арқылы өтетін көпір. Бүгінде көпір салу жұмыстарын мердігер мекеме «Стандарт Ойл КЗО» ЖШС жүргізуде. Ал «ДамирЖобаҚұрылыс» ЖШС мекемесі нысанның техникалық жұмыстарын қадағалайды. Ұзындығы 47 метрді құрайтын көпірдің жалпы сметалық құны 368586 мың теңге. Ал құрылыс-монтаж жұмыстарына 335528 мың теңге қаражат бөлінсе, техникалық қадағалау жұмыстарына 10871 мың теңге қаржы жұмсалған. Аталған нысан қыркүйек айында пайдалануға берілмек.

Нәзира МУҚАТАЕВА

ЖОЛ КАРТАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Апта басында «AMANAT» партиясының қалалық филиалында депутаттық фракцияның жетекшісі Талғат Мақашов партияның сайлауалды бағдарламасы бойынша атқарылған жұмыстарды баяндады.

Брифингте «AMANAT» партиясының жол картасының уақытылы орындалуын қадағалау, 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыру жұмыстары жоспарға сай уақытылы әрі жүйелі түрде жүргізілгенін жеткізді. Сондай-ақ қалалық мәслихат депутаттары өздеріне жауапты міндеттерін атқарып жатқандығын атап өтті.

– Партияның Қызылорда облысы бойынша 2027 жылға дейінгі сайлауалды бағдарламасы негізінде жасалған жол картасының орындалуы пысықталды. Бұл отырысқа жауапты фракция жетекшілері қатысты. Онда жол картасы аясында жасалған индикаторлардың әрбіріне қалалық мәслихат депутаттары бекітілді. Қазіргі таңда аталған жоба аясында өңірде

бірнеше әлеуметтік-мәдени нысандар бой көтеруде. Ауысымына 100 келушіге арналған емхана, 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана (онкологиялық бөлім-шесімен), өнер сарайы, қан орталығы, Тасбөгет кентіндегі дене шынықтыру сауықтыру кешені және басқа да ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр, – деді Талғат Мақашов

4 БЕТТЕ

Бұқаралық спортты дамыту – әлі де көкейтесті мәселенің бірі. Халық үшін саламатты өмір сүруге, спортпен айналысуға қолайлы жағдай жасау үшін қала-ауылдарда спорт алаңдарын көбейту жұмысы бүгін басталған жоқ. Жүйелі жұмыс жүргізіліп жатса да айтарлықтай мәселе бар екені белгілі. Жуырда Үкімет басшысы Әлихан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында бұқаралық спортты дамыту және саламатты өмір салтын қалыптастыру мәселелері қаралды.

СПОРТҚА ДА НАСИХАТ ҚАЖЕТ



3 БЕТТЕ

ӨНЕРМЕН ӨРЛЕГЕН, ЖЕҢІСПЕН ТӨРЛЕГЕН – ҚЫЗЫЛОРДА



Сыр елінің бас қаласы Қызылорда – өнер мен мәдениеттің алтын бесігі. Екі ғасырдан астам тарихы бар шаһар жезтаңдай жырауы мен бұлбұл үнді әншісімен мақтаулы өнерге бай өлке. Тарлан тарих таспаларын ақтарсақ сан ғасырға жеткен өнерпаздары мен спорт сандақтары бар Сыр бойының өнері мен мәдениеті жылдан-жылға дамып келе жатқанын көріп, ел сүйсініп, таңдай қағалы.

Осындай шұғылалы руханият ордасында мәдениет пен өнер, бұқаралық спорт жылдан-жылға қарыштап дамуда. Ең бастысы, тек қала ғана емес, ауылдық округтерде зәулім клуб ғимараттары мен заманауи спорт нысандары

көптеп салынууда. Көпқабатты тұрғын үйлердің ауласындағы спорт алаңдары мен жаттығу құралдары өскелең ұрпақтың саламатты өмір сүруіне, спортқа алғашқы қадам жасауына таптырмайтын мүмкіндік береді. Ал өнер ошақтары талантты жастардың өнер шыңына самғауына қолдау көрсетеді. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» болып қайта құрылған мемлекеттік мекеме қалаға қарасты ауылдық округтер пен кенттердегі өнер мен спорт сандақтарын тәрбиелеп, бөйгеге қосуға материалдық және рухани қолдау береді.

2 БЕТТЕ

МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ



БАҚ БАЙЛАНҒАН БОСАҒА

Қазақты тарихы терең өнегелі ұлт ретінде өркеніетті елдердің бағалай бастауы – қанымызға сіңген төл қасиетіміздің арқасы.

Өткенге көз жіберсек, ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне қатты көңіл бөлген. «Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер», «Әкеге қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Қызың өссе қызы жақсымен ауылдас бол, ұлын өссе, ұлы жақсымен ауылдас бол» секілді мақал-мәтелдерден отбасында ұл бала тәрбиесінде әкенің, қыз бала тәрбиесінде шешенің орны ерекше екенін, ата-ананың жүрген жолынан өскелең ұрпақ қандай да бір сабақ алып өсетінін көреміз.

Ғасырлар бойы жалғасын тауып келе жатқан тәрбиенің қайнар көзін ұрпақ бойына сіңіріп, шағын мемлекетті басқарып отырған өнегелі отбасын көріп, риза боламыз. Салт-дәстүрімізді қаймағын бұзбай сақтай білген, өнегелі отбасылар ұлтымыздың озық дәстүрін жалғастырып келеді. Аналарымыз отағасын пір тұтып, алдынан кесе көлденең өтпей, қас-қабағын бағып, бала-шағасына да әкені құрметтеуді үйретеді. Өнегелі отбасынан ақылды, парасатты, ұлттық құндылықты бойына сіңірген ұлғилі ұрпақ өсіп шығады.

4 БЕТТЕ

ӨНЕРМЕН ӨРЛЕГЕН, ЖЕҢІСПЕН ТӨРЛЕГЕН – ҚЫЗЫЛОРДА

Қалалық мәдениет және спорт бөлімінің қалалық деңгейде мәдениет, өнер, кітапхана, бұқаралық спортты, тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және пайдалану, мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған іс-шараларды жүргізіп, қалың бұқараға халқымыздың өнерпаздары мен спортшыларын паш етуде еңбегі зор.

Бөлімге қарасты «Қалалық мәдениет үйі, клубтары және халықтық ұжымдар» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» мемлекеттік мекемесі, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қалалық мәдени-демалыс паркі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сол жағалауда орналасқан «Қызылорда қаласының тарихи музейі» коммуналдық қазыналық мемлекеттік кәсіпорны және «Қажымқан Мұнайтасұлы атындағы спорт клубы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жұмыс жасап, халыққа қызмет көрсетіп келеді.

Қалалық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Жағһар Тәжмахановтың айтуынша, биылғы жылдың 7 айында 594 мәдени-көпшілік іс-шара өткізіліп, оған 97124 көрермен тартылған.

– Ауылдық жерлердегі клуб үйлерінің мәселесі шешілуде қиындықтар болғаны рас. Осы орайда «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы көмекке келді. Қалаға қарасты Талсуат және Қарауылтөбе ауылдық округінде осы бағдарлама аясында 150 орындық ауылдық клуб құрылысы жүргізілуде. Қазіргі таңда клуб ғимаратының екінші қабатының төбесін жабу жұмыстары және бірінші, екінші қабатындағы ішкі қабырғасы сыланып, шатыры жабылуда. Осындай клуб ғимараты Қарауылтөбе, Талсуат ауылдық округінде де салынууда, – деді бөлім басшысы.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, насихаттау және дамыту бөлімнің күн тәртібінен түспейтін негізгі міндетінің бірі екен. Бөлім тарапынан қала әкімдігіне қарасты мемлекеттік мекемелердің құжат айналымының мемлекеттік тілде жүргізілуіне тұрақты мониторинг жүргізу дәстүрге айналған. Жүйелі жұмыстың арқасында құжат айналымы толығымен қазақ тіліне аударылған.

Бөлім қызметінің бір саласы – онамастика. Қызылорда қаласы әкімдігінің жанынан құрылған қалалық онамастика жұмысшы тобымен қала аумағында комиссия шешімімен нақтыланған 1157 көше бар. Оның 760-ы қалада, 397-сі ауылдық округте. Қаладағы 760 көшенің 430-ы кісі есімімен, 223-і тарихи жер-су атауымен аталған, 107-не шартты атау берілген.

2022 жылы көшелер мен құрамдас бөліктерге атау беру туралы ұсыныс тұрғындардан көп түскен. Алайда бірінші кезекте кент және ауылдық округтен түскен өтініштер қаралған. Ұлы Отан соғысының, Ауған соғысының және еңбек ардагерлеріне, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне, ауыл-шаруашылығы саласының ардагерлеріне барлығы 56 көшеге жаңа атау беру мәселесі қаралып, 55 ұсыныс қолдау тапқан.

2022-2023 жыл аралығында қалалық онамастика жұмысшы тобына Қызылорда қаласындағы әкімшілік-аумақтық бірліктердің құрамдас бөлігін қайта атау және атау беру туралы келіп түскен 19 ұсынысты, Арай-Шұғыла шағын ауданындағы шартты атаудағы 5 көше қалалық онамастика жұмысшы тобының күн тәртібінде қаралып, 11 көше қолдау тапқан.

Бөлім басшысының айтуынша, бөлім қызметіне қала көшелеріндегі көрнекі ақпарат бойынша «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 және «Жарнама туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы заңдарының сақталуына зерделеу жұмысын жүргізіп келеді.

Шынында, тілге жанашырлық – елге жанашырлық. Бір өкініштісі, көшелердегі көрнекі ақпарат құралдарында «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңының 21-бабының және «Жарнама туралы» Заңының 6-бабының сақталмауы жиі

кездеседі. Бөлім тарапынан мекемелерге, кәсіп иелеріне жазбаша ескерту хат пен маңдайша жазу, басқа да көрнекі ақпараттың мәтінін жазу және орналастырудың үлгісі таратылуда.

2023 жылдың қаңтар айында «ҚР Тіл туралы Заңының» 21-тармағының талабына сәйкестігін зерделеу мақсатында қала орталығындағы 206 нысанға түсіндірме жұмысы және ескертпе буклет таратылған.

Сонымен қатар қала аумағында орналасқан мейрамхана мен жылдам әзірленетін дәмхананың ас мәзірін қазақ тілінде жазуға түсіндірме жұмысы жүргізіліп, 72 пайызы қазақ тіліне көшірілген.

2021 жылдың 15 шілдесінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту мақсатында «Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы мен «Қызылорда автобус паркі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі арасындағы мемлекеттік тілді кеңінен қолданудағы өзара іс-қимыл мен әріптестік жайлы үш жылдық меморандумға қол қойылған.

Меморандум жобасында қалаішілік қоғамдық көлік қызметкерлерінің аялдама атауын қазақша айтуға, тәрбиелік мәні бар нақыл сөздер ілінуіне, қоғамдық көлікте ұлттық нақыштағы ән мен күй және «Қазақ» радиосы» арнасынан берілетін хабар қойылуы бекітілген. Бүгінде меморандум талабы орындалуы үшін қадағалау жұмысы жүргізілуде.

Қалалық мәдениет және спорт бөлімінің жұмысына тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жұмысы да жатады. Қай кезде де тарихи-мәдени мұра қалың бұқараның назарында. Бүгінде қалада 84 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған. Олардың 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. 46-сы тарихи-мәдени мұра тізіміне енгізілген.

2018 жылы «Дифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында қасиетті орындарды сандық форматқа көшіру және олар туралы қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында облыстық бюджеттен 2 жоба жүзеге асырылған. Оның бірі Қызылорда облысы бойынша тарихи-мәдени мұралардың 3D форматтағы интерактивті картасы енгізілген сайт жұмыс жасауда. Тарихи және мәдениет ескерткіштеріне QR-код орнатылып, қонақтар мен туристердің тарихи орын туралы толық ақпарат алуына мүмкіндік жасалған.

Кітапхана – мәдени, рухани саланың ажырамас бөлшегі. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 21 кітапхана қала тұрғындарына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуде. Рухани байлықтың мол қазынасы кітапта. Білім көкжиегін кеңітемі деген адам кітапты көп оқиды. Тіпті оны ұялы байланыс арқылы да пайдалану қарастырылған. Қазір қоғамдық көлікте де кітап оқуға мүмкіндік бар. Кітапқұмарларға оқу залдарына келіп, керекті кітабын алуға мүмкіндік жасалған. Жалпы кітап қоры – 646085 болса, қазақ тіліндегісі – 263830.

Биылғы жылдың өзінде 401 жаңа әдебиет алынған. Оқырмандар саны – 11402-ді құрайды. 21 кітапхана интернет желісімен қамтамасыз етіліп, оны қызметін 1075 оқырман тұрақты пайдаланған.

Халыққа рухани демалыс сыйлайтын орын – музей. Мұнда ерте ғасырдан бүгінге жеткен ескі жәдігерлер келушілерге қызығушылық тудырады. Қазіргі таңда музей қорында – 1130 экспонат бар, оның негізгісі – 524, көмекшісі – 606. Экспозицияда орналасқан – 796 экспонат, оның 287-і негізгі қор, 509-ы көмекші қор. Бұл қасиетті орынға қала қонақтары, шетелдік туристер көп келеді.

– Мәдениет қашанда қоғамның айнасы, негізгі қозғаушы күші болып табылады. Осы орайда, қала халқына мәдени-рухани, эстетикалық азық сыйлау мақсатында биыл 1000-ға жуық іс-шара өткізу жоспарымызда бар. Соның ішінде негізгілеріне тоқталсам, айтулы жыл ерекшелігі мен даталы күндерден

бөлек, Қала күні және жоспарға сәйкес мәдени-спорттық іс-шараны өз дәрежесінде ұйымдастыру секілді үлкен міндет пен жүйелі жоспар бар. Сонымен қатар биылғы жылға ақжолтай жаңалықпен де бөлісе кеткенді жөн көрдік. Қалалық мәдени және демалыс паркі бөлімінің балансына қосылса, өткен жылы құрылысы басталған «Анаға тағзым» орталығы да халыққа қызмет көрсетуді бастайды. Сондай-ақ «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауылтөбе және Талсуат ауылдық округтерінде ха-

лықтың ұзақ жыл күткен жаңа мәдениет ошақтары ел игілігіне берілетін болады. Сонымен қатар 2023 жылға 10560 мың тенге бөлініп, халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қол жетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша қаражат бөлініп «Евразия» спорт кешеніндегі жүзу бассейні және «Мұз айдынына» барлығы 19200 жолдама бір реттік талон беріледі. Осы уақытқа дейін аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға 4000 және қала жастарын қол жетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша 2400 жолдама берілген болатын, – дейді бөлім басшысы.

Мәдениет және спорт бөлімінің фейсбук парақшасын ашсақ, қала аумағында өткізілген қаншама мәдени спорттық шараны тіпті онлайн үлгіде көруге мүмкіндік бар. Ұлттық домбыра күніне орай қалалық мәдени және демалыс паркінде «Ұлттың үні – домбыра!» атты мерекелік шара өткен.

Бүкіл әлем мойындаған мәдени құндылыққа айналған ұлттық аспапты насихаттау – кейінгі ұрпақтың басты парызы. Мұндай шаралар қалаға қарасты кент және ауылдық округтегі мәдени ошақтардың бәсекелестігін арттырып, ел ішінен таланттыларды табуға көмектеседі. Мәселен «Ел іші – өнер кеніші» байқауына қатысып, жүлделер атанған мәдениет үйі, жекелеген өнерпаздар қала әкімінің арнайы алғыс хаты мен естелік сыйлығын алған.

Әсіресе қаладағы, қалаға қарасты кітапханаларда өткізілетін мерекелік салтанатты шараға куә болып жүрміз. Тіпті алыс шетелдерден келген қонақтар да қала музейіндегі мәдени мұраларды көріп, ерекше әсер алғанын айтады.

Бір қызығы, жақында Селжук мемлекетінің негізін қалаушы, оғыз бойынан тараған «Анадолу» есіктерін ашқан (26 тамыз, 1071 жыл) алғашқы түрік қолбасшы Алпарслан ұрпақтары, адвокат, саясаткер, МХП партиясының Стамбул филиалының хатшысы – Фетих Ахмет Алпарслан отбасымен Қызылорда қаласының тарихи музейінде қонақта болыпты. Тарихи терең, шежіресі бай өлкеміздің өткені мен бүгінгі қызықтырған қала қонақтары танымды экскурсияға ризашылық танытып, өз алғысын білдірген.

Өнер мен мәдениет, спорт пен әдебиет қоғамды тәрбиелеп, өркеніетке бастайтын басты құндылықтар. Халқының басым бөлігі төл тілімізді меңгерген, ел тарихында өнер көшін бастайтын, ұлттық құндылыққа бай Сыр өңірінің өнері, тілі, спорттық жетістіктері жаңа биіктерді бағындырып келеді.

Жағһар ҚОЖАХМЕТОВА



Кітапхана – мәдени, рухани саланың ажырамас бөлшегі. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 21 кітапхана қала тұрғындарына кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсетуде. Рухани байлықтың мол қазынасы кітапта. Білім көкжиегін кеңітемі деген адам кітапты көп оқиды. Тіпті оны ұялы байланыс арқылы да пайдалану қарастырылған. Қазір қоғамдық көлікте де кітап оқуға мүмкіндік бар. Кітапқұмарларға оқу залдарына келіп, керекті кітабын алуға қолжетімді. Жалпы кітап қоры – 646 085 болса, қазақ тіліндегісі – 263 830.



Қалалық мәдениет және спорт бөлімінің жұмысына тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау жұмысы да жатады. Қай кезде де тарихи-мәдени мұра қалың бұқараның назарында. Бүгінде қалада 84 тарихи-мәдени мұра нысаны мемлекет қорғауына алынған. Олардың 4-і республикалық, 34-і жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші. 46-сы тарихи-мәдени мұра тізіміне енгізілген.



Мәдениет және спорт министрі Асхат Оралов республикада жыл сайын 1,2 млн адамды, оның ішінде ауылдың 500 мың тұрғынын қамтитын түрлі деңгейдегі 25 мыңнан астам бұқаралық спорттық іс-шара өткізілетінін хабарлады. Соңғы жылдары марафондар, велошерулер, отбасылық жарыстар, бұқаралық коньки тебу, тағы басқа іс-шаралардың танымалдығы артып келеді. Бүгінде елімізде дене шынықтырумен және спортпен шұғылданатын адамдардың саны 38%-дан асады.

Сонымен қатар елімізде 800-ден астам балалар мен жасөспірімдер клубы жұмыс істейді. Өткен оқу жылында қосымша білім беру бағдарламасы бойынша мектептерде 1,3 млн-ға жуық баланы қамтыған 49 мыңнан астам спорт үйірмесі ашылды. Сондай-ақ мемлекеттік спорт тапсырысы шеңберінде биыл 190 мыңнан астам бала спорт үйірмелерімен қамтылған.

Министр Қазақстанда 43 мыңға жуық спорт нысаны бар екенін, оның 23 мыңнан астамы ауылдық жерлерде орналасқанын айтты. Биыл 113 жана спорт нысанын салу, сондай-ақ 20 нысанды күрделі жөндеу және қолданыстағы

ӨНІРДЕ БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТТЫ ДАМУ – БАСТЫ НАЗАРДА

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Премьер-министр берген тапсырмаларды пысықтау мақсатында жиын өткізді.

Аймақ басшысы өңірде бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінгенін айтты.

– Саламатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткен 7 айда 719 іс-шара өтіп, оларға 176 326 адам қатысты. Жыл сайын «Президенттік тестілеу» айлығын тапсыру дәстүрге айналған. Тиісінше «Президенттік», «Ұлттық» және «Бастапқы» деңгейді орындаған қатысушыларға төсбелгі мен куәлік табысталды. Биыл «Жазғы президенттік сынама айлығына», 100-ге жуық норматив қабылдау шарасына 199 747 адам қатысса, оның 797-сі «Президенттік» деңгейі, 3310 адам «Ұлттық» және 4804 адам «Бастапқы» деңгей нормативін қорғады. Сол жағалаудан заманауи талаптарға сай 7000 орындық стадион бой көтерсе, Үкімет басшысының қолдауымен құны 7 млрд теңге



СПОРТҚА ДА НАСИХАТ ҚАЖЕТ

6 спорт нысанын қайта жарактандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар қызмет көрсетіп тұрған мекемелерді түгелдей жұмыстары атқарылып, жөндеу істеріне және тиісті құрал-жабдықтарға қажеттілік анықталып отыр.

Үкімет басшысы спорт пен белсенді өмір салты ұлт денсаулығының кепілі ғана емес, сонымен қатар әр адамның таланты мен қабілетін ашатынын атап өтті. Бұл әсіресе, жас ұрпақты тәрбиелеу үшін өте маңызды.

Осыған байланысты ол халықтың бәріне бірдей қолжетімді болуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бұқаралық және тұрақты спорттық іс-шараларды ұйымдастыру арқылы азаматтарды спортпен шұғылдануға міндетті түрде тарту қажеттігін айтты.

– Елімізде жақсы дәстүрге айналған әртүрлі жастағы адамдарға арналған бұқаралық марафондар мен жарыстар туралы бәрі біледі. Соңғы жылдары барлық жерде спорт алаңдары мен басқа да ірі нысандар салынуда. Біз спортпен шұғылданатын адамдардың саны күннен күнге артып келе жатқанын көріп отырмыз. Үйлердің аулаларында, скверлерде және саябақтарда орнатылған тренажерларды ешкімге қажет емес деп санаған скептиктер де аз болған жоқ, – деді Әлихан Смайылов.

Сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту бойынша түрлі бағдарламалар мен жобаларға қарамастан келген жүйелі мәселелер шешімін таппағанын атап өтті. Мәселен, ақпараттық кеңістікті мониторингтеу нәтижесінде шілде айының өзінде ғана осы саладағы проблемаларға қатысты халықтан көп шағым түсетіні анықталды.

– Бізде спорт залдары жоқ мектептер тек шағын ауылдарда ғана емес, сонымен қатар ірі қалаларда әлі де көп. Дене шынықтыру мұғалімдері мен кәсіби жаттықтырушылар жетіспейді», – деді Премьер-Министр.

– Спортты дамыту және саламатты өмір салтын насихаттау бағытында біз ауқымды жұмыстар жүргізіп келеміз, алайда, кейбір мәселелер бойынша бір орында тұрып қалдық. Өкінішке қарай, бізде дене шынықтыру мен спортты басқарудың тиімді біртұтас жүйесі жоқ. Бұл мәселе, әсіресе жергілікті жерлерде өте өзекті. Спорт, саламатты өмір салтын насихаттаумен айналысатын мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметін үйлестіру жұмыстарында кемшілік көп, – деп атап өтті Премьер-Министр.

Осыған орай Үкімет дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекітті. Оның аясында 2030 жылға қарай халықтың 50%-ын дене шынықтыруға және спортпен шұғылдануға тарту міндеті тұр. Осыған байланысты Әлихан Смайылов салауат министрлік пен әкімдіктерге осы бағыттағы жұмысты күшейтуді тапсырды.

Сонымен қатар Премьер-Министр жұмыс істеп тұрған спорт нысандарының инвентаризациясын аяқтап, олардың қажеттіліктерін айқындаудың маңыздылығын атап өтті.

– Біз әрі қарай жұмыс істеуге қай нысанның мүмкіндігі бар екенін, қайсысы күрделі жөндеуді қажет ететінін, қанша спорттық құрал-жабдықтар қажет екенін нақты білуіміз керек», – деді ол.

Үкімет басшысы сондай-ақ өңірлерде саябақтарды, көшелерді, жағалаулар мен тұрғын үй аулаларын тренажерлармен, спорт алаңдарымен жабдықтауға ерекше назар аударуды талап етті.

Сөз соңында Әлихан Смайылов Мәдениет және спорт, Ғылым және жоғары білім, Оқу-ағарту министрліктері әлемдік тәжірибені ескере отырып, дене шынықтыру жаттықтырушылары мен мұғалімдерін даярлау жүйесін қайта қарауды тапсырды.



болатын әмбебап спорт сарайын салу мәселесі шешім тапты. Мұнан бөлек, елді мекендерде 13 дене шынықтыру-сауықтыру кешені жыл көлемінде тапсырылады, – деді облыс әкімі.

Осы бағыттағы жұмыстарды әрі қарай жетілдіру үшін облыстық мәдениет және спорт басқармасына Қызылорда қаласы және аудан әкімдерімен бірлесіп, елді мекендерде салынатын спорт алаңдарында кешенді спорттық шараларды жыл бойы ұйымдастыру жүктелді. Аймақ басшысы «Президенттік сынама» айлығын өткізуді жандандыру, республикалық «Денсаулық фестивалі» аясында көпшілік шараларды ұйымдастыру және мүгедектігі бар азаматтарды спортқа бейімдеу жұмыстарының деңгейін арттыру қажеттігін де атап өтті. Облыстық білім басқармасы жалпы білім беретін мектептер жанынан балалар мен жасөспірімдерге дене дайындығы клубтарын ашу туралы ұсыныс әзірлеуі тиіс. Сабактан тыс уақытта мектептердің спорт залдарында тұрғындар спортпен тұрақты шұғылдануы үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырды.

ҚАЛАЛЫҚТАР СПОРТҚА ЖАҚЫН

«Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мәліметі бойынша 2022 жылы бұқаралық спортпен шұғылданушылар саны 127838 адамға жетіп, 36,6%-ды құрады, 2023 жылға 38%-ға жеткізуге меже қойылды.

2023 жылға арналған «Бұқаралық спортты дамыту» қызметі бойынша ашық конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу процестері жүргізіліп, жыл көлемінде қызмет көрсету үшін (49985 теңге) келісім шарт жасалды. Биыл жергілікті бюджеттен қосымша 19 млн теңге қаражат қаралып, спорт нұсқаушыларының ең төменгі жалақысы мемлекет басшысы 1 желтоқсанда қол қойған «2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заңда көрсетілген ең төменгі жалақы 70 мың теңгені құрады.

2023 жылы Қызылорда қаласының тұрғындары бұқаралық спортқа тарту мақсатында «KEMEL SPORT» спорт клубы жастардың бос уақытын тиімді өткізу мақсатында, сауықтыру дене шынықтыру жұмыстарын жүргізеді. Аталған қоғамдық бірлестікте спорттың 8 түрінен (футбол, волейбол, баскетбол, жекпе-жек, үстел теннисі, казак күресі, тоғызқұмалақ, шахмат) 49 нұсқаушы жұмыс жасауда. Әр нұсқаушыда 180 тұрғынның барлығы 8820 адам аптасына 24 академиялық сағат бойынша бұқаралық спортпен шұғылдануда.

Сонымен қатар 2023 жылға 10560 мың теңге бөлініп халықтың әлеуметтік әлсіз тобы қатарындағы қала тұрғындарын қолдау мақсатында әр ай сайын аз қамтылған, көпбалалы отбасындағы балаларға және қала жастарын қолжетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша қаражат бөлініп «Евразия» спорт кешеніне (жүзу бассейні) және «Мұз айдыны» (мұзға сырғанау) спорт кешендеріне барлығы 19200 жолдама (бір реттік талондар) таратылуда.

2023 жылдың 7 айында аз қамтылған және көпбалалы отбасындағы балаларға 4000 және қала жастарын қолжетімді спорт инфрақұрылымымен қамту бойынша 2400 жолдама берілді.

Бөлім тарапынан бұқаралық спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес дене шынықтыру мекемелерімен, спорт мектептері және спорт клубтарымен бірлесіп 2023 жылдың 7 айына 115 спорттық іс-шара өткізіліп, оларға барлығы 9460 спортшы қамтылды. Оның ішінде, балалар мен жасөспірімдердің қатысуымен 70 іс-шара өткізіліп, 12140 оқушы қамтылды.

Қызылорда қаласының мәдениет және спорт бөліміне қарасты «Қажымұқан Мұнайтыпұлы атындағы спорт клуб» КММ спорттың 13 түрін (еркін күрес, дзюдо, таеквондо, қоян-қолтық ұрыс, джиу-житсу, каратэ-до, бокс, панкратион, казак күресі, тоғызқұмалақ, президенттік көпсайыс, футбол) үйірмелер жас өспірімдерді спортқа баулып, 1396 қала тұрғыны спортпен шұғылдануда.

Қызылорда қаласы мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерде жалпы 34 кәсіпкер 113 секция бойынша жұмыс істеді. Мемлекеттік спорттық тапсырысты қаржыландырудың жан басына шаққандағы нормативі (Балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секцияларын жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2021 жылғы 27 сәуірдегі №121 бұйрығы) – балалар мен жасөспірімдерге арналған спорт секциялары қызмет көрсетуде.

17 спорт түрі бойынша (дзюдо, спорттық би, таеквондо, каратэ, казак күрес, грек-рим, шахмат, үстел теннисі, шағын футбол, ауыр атлетика, бокс, еркін күрес, көркем гимнастика, волейбол, баскетбол, гандбол, жүзу) 5 315 бала спортпен шұғылдануда.

Аты аңызға айналған балуан Қажымұқан Мұнайтыпұлының еске алуға арналған казак күресінен 2003-2005 жылы туған жастар арасында өтетін республикалық турнир кең көлемде аталып өтті. Аталған турнирге республикадан 300 спортшы қамтылды.

Сонымен қатар Ы.Алтынсарин атындағы жұлде үшін «Бәрің де жарысқа!» атты ұранымен өтетін мектеп оқушылары арасындағы қалалық дәстүрлі жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа қала көлемінен 1300-ге жуық жас спортшы қамтылды.

Сондай-ақ «Наурыз – 2023» мерекесіне арналған спорт түрлерінен жарыстар (казак күресі, асық ату, бес асық, ләңгі тебу, тоғызқұмалақ, арқан тарту, гир қолтығы, қол күрес) ұйымдастырылып, оған 400-ге жуық спортшы қамтылды. Қазак күресінен «Алтын белбеу» жарысының қалалық кезеңі өтті. Аталған жарысқа 300-ге жуық спортшы қатысты.

КСРО спорт шеберлері Е.Червоненконы және Р.Бадретдиновты еске алуға арналған 13-14 жас аралығындағы ұлдар мен қыздар арасындағы велосипед спортынан көпкүндік республикалық жарыстар ұйымдастырылып, аталған жарысқа 200-ге жуық жас спортшы қатысты.

«Шайырлар шықты алаңға» атты айтыскер ақындар арасында шағын футболдан республикалық турнир өткізіліп, 70-ке жуық адам қамтылған.

Әрине, мұның бәрі жай сан емес, халықты бұқаралық спортқа тарту мақсатында жасалған ізгі шаралар екені айтпаса да түсінікті.

Гүлмира ДЛДӘБЕКОВА

Осындай қоғамға үлгі қылатын онегелі де, өнерлі отбасылардың бірі – Байұловтар отбасы. Олар берекелі бірлік пен адал еңбектің арқасында жетістікке жетіп, талай шыңды бағындырып келеді. Үлкендер салған сара жолдан аласпай, киындыққа қажымай, бойындағы Құдай берген өнерді мәпелеп, елге үлгі болып келе жатқан отбасында шынайы сыйластық пен үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау басты қағида. Осы құндылықтарды елге насихаттау, өнерлерін паш ету бүгінгі

арқасы. 2014 жылы алғаш рет «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауға отбасымызбен қатысып, «Мерейлі жас отбасы» атанған едік.

Енді, міне, араға 9 жыл салып ұлттық жобаға қалалық кезеңге қатысып, «Мерейлі отбасы-2023» ұлттық жобаның қалалық кезеңінен I орынды иелендік.

Бұл жоба еліміздегі отбасы институтын нығайтуға, жас отбасыларға үлгі болатындай үлкен жоба. «Отбасы – шағын мемлекет» деп бекер айтылмаған. Әдетте

ұмытпаған жөн. Осы ұлттық жобаны ұйымдастырушы қалалық қоғамдық даму бөліміне, Қызылорда қаласы әкімдігіне арнайы алғыс айтамыз, – дейді F. Байұлов.

Айта кетейік, жеңімпаз Байұловтар отбасының ұйытқысы анам Назипа Оразалиева 1946 жылы дүниеге келген. Қазіргі уақытта немерелерін бағып қағып, тәрбие беріп отырған зейнет жасындағы ардақты әже, – дейді отбасының отағасы Fани Байұлов.

Онегелі шаңырақтың отағасы Fани Байұлов 1979 жылы Қызылорда

Қорқыт ата атындағы университеттің 2 курс студенті. Қалған балалары Бәйтерек SCHOOL мектебінің оқушылары.

«Отан отбасынан басталады» деген қағиданы берік ұстанған отбасы «Түп қазығын – Отаның, ар намысың – тілің, кәусар бұлағың – ұстазың, камкоршың – әжең, ақылшың – анаң» деген сөздермен қанаттанып, қопбалалы, жастарға үлгі боларлықтай отбасы болуды армандаған Байұловтар отбасы балаларын жақсылыққа, адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеуде.

Отағасы Fани Байұлов ұзақ жылғы еңбегінің нәтижесімен Қорқыт ата университетінің «Үздік түлек», «Халық алғысы» медалімен, «Белсенді қызметі үшін» төсбелгісімен марапатталған. ҚР Президентінің алғыс хаттарымен, облыс әкімінің, қала әкімінің, «Аманат» партиясы төрағасының алғыс хаттарымен, Білім және ғылым министрінің Құрмет грамотасымен марапатталған. Сонымен қатар 2014 жылы алғаш рет өткізілген «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының «Жарасымды жанұя» номинациясын жеңіп алған. Биыл отбасы күніне орай өткізілген «Зияткер отбасы» интеллектуалды сайысының I орын иегерлері.

Үлкен ұлдары Мағжан Бекқожаев университет қабырғасындағы шараларға белсене араласып, марапаттарға ие болуда. Балалары мектепшілік сайысқа, олимпиадаға, байқауға белсене қатысып, жүлделі орынға ие болып, әулеттің мерейін өсіруде.

Отбасын аман болып, шұғылалы күндей үлкендердің ақ батасымен өсіп-өніп, ұрпақтар сабақтастығын жалғап, онегелі ісінен тәлімді тәрбие алған ұлағатты ұлың, инабатты қызың үлкендер салған сара жолды абыроймен жалғастырса, міне, шын бақыт осы. Бойына қазақы қадір-қасиетті жиган Fани Байұлов отбасы шын бақыт иесі екенін дәлелдеп келеді. Мерейлі отбасына біз де бақ пен бақыт тіледік.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ЖОЛ КАРТАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСУДА

Биыл инфрақұрылымдық жүйелерді жақсарту мақсатында елді мекендерді газдандыру бойынша 25 жоба іске асуда. Оның ішінде 2 жобаның құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталып, қалаға қарасты Ақсуат ауылдық округі мен Махамбет елді мекеніне газ құбыры жүргізілген. Қазіргі таңда тұрғындар «көгілдір отын» игілігін көруде.

– Қалаға қарасты ауылдық округтегі елді мекендерді газдандыру жұмыстары жол картасы аясында жүзеге аспақ. Бүгінде Қосшыңар ауылдық округіндегі Абай, Досан елді мекендеріне көгілдір отын құбырын жүргізу бойынша қаражат қаралып, қазір тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар Қарауылтөбе ауылдық округіндегі ауылдық клуб пеш арқылы жылытын болса, оны «көгілдір отын» жылуына өзгертуге сметалық құжаттарға сәйкес депутаттық сауалдарымды жолдадым, – деді «AMANAT» партиясының депутаттық фракциясының жетекшісі.

Сонымен қатар келешек жас жеткіншектерді өнерге, еңбекке баулып, түрлі үйірмелерге қатысып уақытын тиімді өткізуі үшін жол картасы аясында бағдарлама бойынша, қалаға қарасты Қарауылтөбе мен Талсуат ауылдық округінде 150 орындық екі ауыл клубының құрылысы жүргізіліп жатыр. Ол ел игілігіне жылдың аяғында қолданысқа берілімек. Аталған жоба аясында білім беру мәселесін шешу мақсатында үш ауысымда оқыту бойынша облыс орталығындағы 4 мектептің жанынан 1850 орынға лайықталған қосымша ғимарат құрылысы жүруде. Осылайша биыл үш ауысымда оқыту мәселесі шешіледі деп жоспарланады. Сондай-ақ Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық құрайтын жана 2 білім нысаны оқу жылы қарсаңында пайдалануға берілімек.

Жол картасы аясында жол-көлік инфрақұрылым мәселелері де назардан тыс қалмады. Яғни Fани Мұратбаев пен Ясауи көшелерінің қиылысында теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі, «Бәйтерек» тұрғын ауданында «Оң магистралды» арнасы арқылы өтетін автокөлік көпірі, Сырдария өзенінің сол жағалауындағы басты көше жолының «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» авто дәлізімен жанасатын тұста көлік айырығын салу және «Қорқыт ата» аумағының жана терминалын қайта жаңғырту мен кеңейту жұмыстары жүргізілуде.

Жалпы білім беру, денсаулық сақтау және спортқа қолжетімділікті арттыру бағытындағы жұмыстардың сапалы әрі уақытылы орындалуы «AMANAT» партиясы облыстық филиалының бақылауында болады.

Сонымен қатар сайлау науқаны уақытында қалалық сайлауалды қоғамдық штабтың қабылдау бөлмесіне тұрғындар тарапынан өзекті мәселелер бойынша 160-қа жуық өтініштер келіп түскен. Олардың басым бөлігі қаржылай көмек, демеушілік жасау, коммуналдық-инфрақұрылымдық және әлеуметтік сипаттағы мәселелерінің шешімін табуын жеткізген. Бұл жөнінде тиісті жұмыстарды мәслихат депутаттары өз жауапкершіліктерін алған. Алдағы уақытта осы бағыт бойынша жұмыстар жалғасын таппақ.

Басы 1-бетте

Нәзира МҰҚАТАЕВА

БАҚ БАЙЛАНҒАН БОСАҒА



қоғам үшін аса қажет екенін түсінген Байұловтар отбасы дәстүрлі түрде өтіп жүрген «Мерейлі отбасы» конкурсына қатысуға өтініш береді. Осылайша қалалық іріктеу кезеңіне өтіп, одан I орын алып, жеңімпаз атанды.

– Әуелі Алла, содан соң әкемнің қанымен келген қажыры, берген тәрбиесі, шаңырағымыздағы ақ жаулықты аңызды, сосын үйдегі балаларымыздың анасының

Басы 1-бетте

ОҚИ ОТЫРЫҒЫЗ!

жақсылықтың бәрі отбасынан басталады. Отбасы – жұртты жақындастырушы, ұрпақ пен ұрпақты табыстырушы, ұрпақаралық тұтастықтың отын жағушы қасиетті ұя. Сондықтан да отбасы – барша адамзатқа ең жақын, ең қасиетті ұғым.

Әрбір отбасында сүйіспеншілік пен түсіністік мықты болса, қоғамның дінгегі де берік болады. Отаның бір бөлшегі отбасына ештеңе де жетпейді. Өйткені отбасы – табиғаттың әр адамға сыйлаған керемет бір сыйы. Соны мәңгі есте сақтап,

қаласында дүниеге келген. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің аға оқытушысы, философия ғылымдарының докторы.

Жұбайы Гүлнұр Жағалова 1979 жылы туған. Қорқыт ата атындағы университеттің аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі. Көпбалалы ана, күміс алқа иегері.

Шаңырақ көтергендеріне 20 жыл болған онегелі отбасында 6 бала тәрбиеленуде. Үлкен ұлдары Мағжан

Түн. Айнала қою қараңғылықта мүлгіп тұр. Тас түнектен ай сәулесі түгілі жымьңдасқан жұлдыз да көрінбейді. Ымырасыз өлі тыныштық орнаған іспетті. Тылсым тыныштықты бұзып келе жатқан тек Бекзат ғана. Жүрісі мен қиғен киіміне қарап, құдды бір тұн баласы дерсің. Ұзын бойлы, сұңғак денелі, қыр мұрынды, бидай өңді Бекзаттың ажарлы жүзіне қараған кез келген жанның көзі сүрінеді. Мөлдиреген көзі мен қою кара қасына ауылда ғашық болмаған қыз некен-саяқ. Барлығы Бекзатты ұнататын. Ол айналсаңдағылардың өзіне қызға да, қызғана да қарайтын білетін. Бірге жүрген достары әзілдеп «әйелдің сұлулығы соры» дейтін еді, сенің сұлулығың керісінше, бағың болып тұр» – деп қағытып қоятын.

Өркімнің өз міні, өз кемшілігі болады емес пе?... Тұр-тұғасы мен бет-бейнесі жылтырап тұрғанмен, бұл Бекзаттың «сырты бүтін, іші түтіннің» нағыз өзі. Алдап түсіріп жас күнінде-ақ қанша қыздың обалына қалды. Он сөз айтса, тоғызы шындыққа жанаспайтын. Ақыры күндердің күнінде Арзу атты сұлу жүкті болады. Жүртке не бетімен қарарын білмей ұяттан өлердей болса да бұл хабарымен сүйгенін қуантпаны деп ойлап, кездесуге шақырады. Ондағысы Бекзат қуанып, үйленуге ұсыныс жасайды ма дегені. Уәделі жерде кездесіп, біраз әңгімелескен соң жаңалығымен бөлісуді жөн санайды.

– Бекзат, менің аяғым ауыр.
– Не дейсің?
– Бекзат екеуіміздің баламыз болады.
Бұл жаңалықты естігенде Бекзат аса қатты қуана қоймады. Бұған дейін қанша қызбен ойып күлсе де, дәл осылай болады деп ойламаған да еді. Оның үстіне Арзу оған тек уақыт өткізу үшін қажет. Ойы сан-саққа жүрген Бекзат бұл қыздан да құтылу керек деп ойлайды.

– Жүкті болсаң қайтейің.
– Ей, болса қайтейіңің не?
– Сен не мені өзіңе шынымен ғашық деп ойладың ба?
– Сонда мені... Мені алдағаның ба?
– Тыңда мені. Сен мен үшін бірінші қыз емессің. Ал баланы сылтауратып үйленеді деп ойласаң, онда қатты қаталессің.
– Жексұрын неме.
– Иә, жексұрын болып қалыпшың ғой.
– Айналып сүйгеніңде мен үшін жаныңды беруге даяр едің. Сөйтсем бәрі әншейін екен ғой.
– Көп сөзді қой. Оданда ана ішіндегі баладан қалай құтылуды ойла, – деп Бекзат кетуге ынғайланады.

– Үйленбесең сотқа беремін, – деген Арзудың сөзіне немқұрайлықпен қарап, құлаққа ілмей жүре береді. Бұған шамданған жас қыз намысының тапталғанын, арының төгілгенін, өзіне өлердей ғашық болып жүрген жанның алаж екенін енді түсінді.

Қушағына сұр жыланша еніп, арын таптаған аңқау арамзаны тайрандатып қоймады. Сырын анасына айтып, полицияға шағымданады. Бекзаттың тығырыққа тірелген жүзі осы еді. Арзуға жалынып-жалпайып, үйленетін болып, арызын қайта алдыртыды. Бірақ, қалағанынша өмір сүріп, дүниені бөлшесінен басып,



жауапкершілік дегеннің не екенін білмейтін Бекзат Арзуға үйлене қоймады. Баяғы әдетіне басып, оны алдап соқты. «Жұмыссыздығың, үйленетін жағдай жоқ, отбасын құруға дайын емессің» әйтеуір, сылтауын санамалап айта берсең саусағың жетпей қалады. Алаж әдетіне басып, Арзуға жасанды түсік жасатады. Бұл Арзудың өміріндегі ең басты қателігі, әрі орны толмас өкініші болатын.

Осы оқиғадан кейін Бекзат қалаға кетіп қалды. Ұялы телефонының нөмірін ауыстырып, Арзумен байланысын мүлдем үзді. Мұнда да талайларды сан соқтырды. Қалада «ана жұмыссызды бітіремін, өзбектер алып келіп үй соқтырып беремін», тіпті болмаса, «бауырыңды жұмысқа тұрғызамыз» деп талай жанның ақшасын қалтаға басты. Жұрт қашанғы шыдасын, көрген жерде ақшаларын даулауды шығарды. Бекзат күндіз көшеге шығып жүруден қалды. Тек түн баласын жолдас етіп, суыт жортуылдайтын. Бір күні асқанға-тосқанға кебі келді.

Ымырт үйіріле Бекзат үйреншікті әдеті бойынша кезекті құрбандығын іздеп, жорыққа шықты. Бұл жолы газет бетіндегі хабарландыру бойынша «Жеті қаракшы» қонақ үйіне келді. Қонақ үй басылығына жолығып, өзін «құрылыс фирмасының менеджерімін» деп таныстырады.

– Сәлеметсіз бе? – деп амандасқан Бекзат айналды бір сүзін өтіп, сол қызметте жүрген адамдарша сөз қозғалды.

– Газетке берген хабарландыруларыңызға қарағанда сіздер қонақ үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізетін көрінесіздер. Менің атым

жатыр», – деп келісілген ақшаның жартысын алады. Алғаны сол-ақ екен бір сағаттың ішінде өз айласын жүзеге асырған Бекзат бұл орыннан да табанын жалтыратып тайып тұрады. Сол кеткеннен мол кетеді. Үйреншікті әдет бойынша ұялы телефонының нөмірін ауыстырып алады. Қала сыртындағы демалыс орындарының біріне жайғасып, тапқан ақшасын миллионерлер секілді жарата бастайды. Массаж... Қыздар...

Алдағы мақсаты тағы біреуді алдап-соғып, қалғасын қағу болды Өзі тағы кісі танығыш. Ақшасы көп, ақылы аз, құрған тұзағына түсетіндерді қалай құрықтаудың амалын іздеумен әлек. Массажист қыз Лизамен мектеп директоры ретінде танысады. Лиза да «мүмкіндікті пайдаланып қалайын» деген оймен жұмыссыз жүрген күйеуін қарамағына алуды сұрайды. Бекзатқа да керекті осы. Жаны аштығын сынай танытып, «еректің жұмыссыз жүргені болмаса, жүз мың теңге берсең қарауыл етіп алайын» – деп темірді ыстық кезінде соғуды жоспарлайды. Лиза мұнда қатынап істейтін көрінеді. Ал директорымақ Бекзат жаңағы ақшаға тағы жүз мың теңге қосса оның мектептегі дәрігерлік бөлімшеге алатынын айтып, құрбандығын оп-онай тұзаққа түсіреді. Демалыс орны болған соң неше түрлі адам бар. Солардың бірі кезінде совхоз директоры болған, қазір шаруашылық төрағасы Нұрман ақсақал. Кісі танығыш, әккі Бекзат Лизамен қоса осы қарияны да айналдыра бастайды.

– Ассалаумағалейкум, ақсақал, хал-жағдайыңыз қалай?
– Уағалейкумассалам, рахмет, балам,
– Менің есімім Бекзат.

– А-а, балам, Нұрман атты шалың мен боламын, – деп қарқылдай күле қарсы алған ақсақалдың іш-бауырына кіріп, түрлі әңгімелермен қызықтырып, аяны-мынаны айтып айналдырап жүреді. Бірде ақсақалға баласы телефон шалып, егін басына қатынайтын көлік керектігін айтады. Қарияның айқайлап, дабырлап, дауыстап сөйлегенінен істің мән-жайын біліп алған Бекзат әрекетке көшудің сәті келгенін сезеді. Егер адамдардың ұялы телефонмен сөйлескенінің өзі қызық қой. Қасында тұрғандар әңгіменің ау-жайынан хабарлар болады. Нұрман ақсақал телефонды қоймастан қасына келіп:

– Ақсақал, даусыңыз жер жарып жатыр ғой. Сіз болмасаңыз шаруашылық жұмысы тоқтап қалатын сияқты. Дабырлап сөйлегеніңізден қатынас көлігі керектігін ұндым.
– Оның рас, балам, менсіз бір тірлік бітпейді.
– Менің мектеп директоры екенімді ұмытпаған шығарсыз, сізге баланстан

шығарылған «УАЗ» автокөлігін елу мың теңгеге берсем аласыз ба?

– Өй шының бе-ей, естідің бе балам, – деп телефонның ар жағында тұрған ұлына айтып, тіпті, сенімді адам ретінде мақтап қояды.

Содан не керек, Бекзат қаладағы өзі білетін мектептің нөмірі мен мекен-жайын қағазға жазып беріп, Лиза мен Нұрман ақсақалдан барлығы екі жүз елу мың теңге ақшаны алып, жылыстап кете барды. Бұл кезде «Жеті қаракшы» қонақ үйінің егесі Мақсат полицияға шағым түсіріп, Бекзатты із-дестіріп жатқан болатын. Демалыс орнынан кетіп, қала сыртындағы дәмханалардың бірінде отырған жерінен полиция қызметкерлері тұзаққа түсіреді.


Тергеу Бекзаттың айлакерлігі сонша, тергеушілердің өзін алдап, шатастыруға сал-ақалды. Бір айға жуық ішкі істер бөлімінің тергеу изоляторында отырған ол айып тағушылардың өздерін кінәлі етіп көрсеткісі келеді.

– Иә, Бекзат адамды өлден шатастырдың ғой, – деп майор шеніндегі тергеуші Мусатов жиырма сегізінші күн дегенде тергеуді қайта жалғастырады.

– Басеке, айтағынымның барлығын айттым. Өздеріңіз білесіздер, мен тазамын. Өлтірген айтып отырған ақша менде жоқ, – дейді. Жіберейін десе «Жетіқаракшы» қонақүйінің егесі Мақсат пен «Питакан» жалданған он жігіт түгел танып отыр. Оның үстіне Нұрман мен Лиза нақ бір жауын көргендей қамауда отырса да Бекзатқа дауыс көтеріп, сөгіп ала жөнелген. Жібермейтін десе, негізгі дәлел ақша жоқ. Амалы құрған Мусатов Бекзатты жіберіп, артынан аңдымақ болады. Таң ата ақыры босатады. Артынан Бекзат көрмеген полиция қызметкерін қарапайым адамдарға киіндіріп аңдытады. Сөйтсе, қулығынан сұмдығы асқан әккі алаж ақшаны теміржол вокзалындағы жүк сақтау қоймасындағы киімдердің арасына салып, үлкен ала дорбаға тығып қойыпты. Қолға түсті-ау, залым. Бекзаттың ісі сотқа жіберілген соңда қаралатын болды. Сот залына кірген Бекзат судьяны көргенде денесі мұздап қоя берді. Жұрттың барлығын алдап-соғып жетер-жеріне жеткен алаяқтың ісін қарайтын судья баяғы Арзу болып шықты. Енді құтылмасын сезген Бекзат сотқа артан ең соңғы үмітінен айырды. Иә, айлакерлікке дағдыланған ку, әккі, алаяқтың жазасын бұл дүниеде болмаса да ана дүниеде Алла берер еді. Мұны Бекзат түсінбеген ғой Арзуа іштей кінә артып, көлігі кісенделіп, қасын төмен салып, тағы бір амал іздегендей сот залынан сормандай күйге түсіп, түрмеге кетіп бара жатты.

Әзіз ЖУМАШДІДӘУЛЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.

«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ: 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.

Алғашында 2 рет, сөйсеңбі, сенбі күндері шығады.

Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қызматкерімен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3100 Тапсырыс №1231

Нөмірдің кезекші редакторы Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА